

**Музыка жетекшісінің 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру үйімі : ЖШС "Зейінді бала" балабақшасы

Топ: «Балдәурен» мектепалды жас тобы

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: **желтоқсан айы, 2023-2024 оқу жылы.**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Желтоқсан	Музыка	<p>- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.</p> <p>Классикалық,</p> <p>халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музика мәдениетін қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажыратада білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айтуда.</p> <p>Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музика өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музикалық фразалар) әуендерді тану арқылы музиканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p><b>Ән айтуда.</b></p>

Эн айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Эн айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музикалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музикалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музикалық талғаммен орындауға жаттықтыру.

#### **Музикалық-ырғактық қимылдар.**

Музиканың және оның бөліктегілерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғакты жүрумен; музиканың қымыл сипатын жеңіл және ырғакпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді менгеру.

#### **Билер.**

Музикаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музикалық фразаларға сәйкес өзгерту.

Казақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, әнкүйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салттымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.

**Би шығармашылығы.**

Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.

Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.